

# Жаңа Жетісай

Zhetysai.kz ★ №10 (9349) 6 наурыз, жұма 2026 жыл

★ Jetisay-gazet@mail.ru

## Әлемді әсемдікке бөлеген аналар мен арулар!

Құрметті де ардақты аналар, аяулы арулар, асыл әжелер мен қыз-келіншектер! Сіздерді көктемнің шуақты мерекесі – 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл – ізгіліктің, мейірімнің, сұлулық пен нәзіктіктің мерекесі. Табиғат түлеп, тіршілік жаңарған осынау көктем мезгілімен қатар келетін бұл күн – әйел-ананың қоғамдағы, отбасы мен ел өміріндегі ерекше орнын айшықтайтын айтулы мереке.

Қазақ халқы әжелден ананы ардақтап, қызды қадірлеген. «Ана – өмірдің шуағы, тіршіліктің тірегі» деп, әйел затына айрықша құрмет көрсеткен. Бүгінгі таңда да нәзік жандыларымыз ел дамуының барлық саласында табысты еңбек етіп келеді. Білім мен денсаулық сақтау, мәдениет пен кәсіпкерлік, мемлекеттік қызмет пен қоғамдық жұмыстарда өз іскерлігі мен жауапкершілігін дәлелдеп, ауданымыздың өркендеуіне сүбелі үлес қосып жүр.

Отбасының берекесін кіргізіп, ұрпақ тәрбиелеп, шаңырақтың шырағын сөндірмей отырған аналарымыздың еңбегі өлшеусіз. Сіздердің сабырларыңыз бен төзімдеріңіз, парасаттарыңыз бен даналықтарыңыз – қоғамымыздың тұрақтылығы мен бірлігінің негізі.

Ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына белсене атсалысып жүрген барша әйелдер қауымына айрықша алғысымды білдіремін! Сіздердің адал еңбектеріңіз бен кәсібиліктеріңіз – өңіріміздің өркендеу кепілі.

Осы жарқын мереке күні баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, шаңырақтарыңызға шаттық пен береке тілеймін! Әрдайым жүздеріңізден күлкі кетпей, жүректеріңізге қуаныш ұяласын, еңбектеріңіз жемісті болсын! Көктемнің әрбір күні сіздерге жаңа үміт пен мол мүмкіндіктер әкелсін!

**Серік МАМЫТОВ,**  
Жетісай ауданының әкімі.

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

**15** НАУРЫЗ  
МАРТА  
РЕФЕРЕНДУМ

Важен голос каждого из нас!

www.election.gov.kz

# 8 Наурыз

Халықаралық әйелдер күні құтты болсын!

## Нәзік жандарға мың алғыс!

Жексенбіден бір күн алдын сенбиде,  
Бүкіл әлем оранады көп гүлге.  
Сегізінші наурыз келіп қалыпты,  
Жаңалықтан естігенмін әлгінде.

Аналарды құттықтаймын мейраммен,  
Табиғаты, сезімдерін жиган кең.  
Тіршілікті мәңгілікке жалғайтын,  
Батырларға аналардың бәрі тең.

Ару деген аналардың жас кезі,  
Жер бетінде сұлулықтың нақ өзі.

Жылылықты таппай жүрсен іздеумен,  
Бойжеткеннің дауыстаған бір сөзі.

Қарындастар - қарлығаштар, сұлулар,  
Көктем келді, бәйшешек боп тұрындар.  
Өздеріңе тамсанғаны соншалық,  
Күн нұры мен соққан самал қырындар.

Көңілдері жадырайды ұл-қызың,  
Малдың төлі, тойып ішер уызың.  
Оу, жігіттер, мерекелеп берейік,  
Әрбір жылдың "Сегізінші Наурызын"!!..

**Асылхан АЛИЕВ.**

## БЕРЕКЕЛІ БІРЛІКТІҢ БАСТАУЫ – АЛҒЫС АЙТУ



Аудан тұрғындары елімізде бейбітшілік пен келісімнің, өзара құрмет пен сенімнің берік іргесін қалаған «Алғыс айту күні» мерекесін жоғары деңгейде атап өтті. Айтулы күн аясында ауданда кең көлемді мәдени-көпшілік іс-шаралар ұйымдастырылды. Бұл – тағдыр тоғыстырған сан түрлі этнос пен ұлт өкілдерінің бір-біріне ризашылық білдіріп, татулық пен ынтымақты одан әрі нығайта түсетін айрықша мереке.

Күрделі кезеңдерді иық тіресе еңсеріп, қысқа мерзім ішінде тәуелсіз Қазақстанды құру жолында аянбай еңбек еткен барша азаматтардың бір-біріне деген құрметін дәріптеу мақсатында ауданды мекен еткен этномәдени бірлестіктердің өкілдері мен ұлттық дәстүрімізді ұлықтаған өнерпаздар қала көшелерінде салтанатты шеру өткізді. Сонымен қатар, ұлттық мәдениеттер мен салт-дәстүрлерді дәріптейтін түрлі көрмелер көпшілік назарына ұсынылды.

Мерекеге арналған салтанатты жиынға Жетісай ауданы әкімінің орынбасары Серік Пірімбеков арнайы қатысып, аудан тұрғындары мен қонақтарды мерекемен құттықтады. Ол өз сөзінде «Алғыс айту күнінің» маңыздылығына тоқталып, елдегі

тұрақтылық пен татулықты сақтауда өзара сыйластық пен бірліктің алар орны ерекше екенін атап өтті.

Шара барысында өзге ұлт өкілдері елімізде жүргізіліп отырған салиқалы саясаттың нәтижесінде тағдыр тәлкегімен қазақ жеріне қоныс аударған әрбір жанды ұлты мен діни сеніміне, көзқарасына қарамай бауырына басып, бір үзім наныммен бөліскен қазақ халқына көрсеткен қамқорлықтары үшін шынайы



ризашылықтарын жеткізді. Бұл күн – өткенге тағзым жасап, бүгінге алғыс айтудың, болашаққа сеніммен қараудың жарқын көрінісі екенін атап өтті.

Салтанатты мерекелік кеш аудан өнерпаздарының қатысуымен жалғасын тапты. Олар әсем ән мен биден шашу шашып, көрермендерге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Тағдыр тоғыстырған Қазақстан халқының ортақ тарихын құрметтеуге арналған бұл мереке ауданда жоғары деңгейде ұйымдастырылып, ел бірлігі мен ынтымағын тағы бір мәрте айқындай түсті.

**Б.НАЙМАНОВ.**